

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 наурыздағы N 281 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 қазандағы N 1018 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "2005 жылға арналған 004 "Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптау" республикалық бюджеттік бағдарламаны бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 наурыздағы N 281 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 7-1, 7-2, 7-3-жолдармен толықтырылсын:

"7-1 Суармалы экожүйелерді басқару 8580

7-2 Атырау, Тараз, Алматы, Астана, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар, Көкшетау, Қостанай, Шымкент, Петропавл қалаларында аумақтық 5000 қоршаған ортаны қорғау басқармаларының әкімшілік ғимараттарын салу

7-3 Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Ұлттық метеорология орталығын салу 11700";

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 14-1-жолмен толықтырылсын:

"14-1 Қазақстан Республикасының қалалары мен аудандарында (Ақтөбе, Астана, Қарағанды, Қостанай, Рудный, Батыс Қазақстан облысының Ақсай қалаларында, Шығыс Қазақстан облысының Жаңа Бұқтырма кентінде) 2, 4, 6, 8 шығуға арналған өрт сөндіру деполарын салу 4000";

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 25-1 және 25-2-жолдармен толықтырылсын:

"25-1 Астана қаласында 80 төсектік кардиохирургиялық орталық салу 7340

25-2 Алматы қаласында 100 төсектік 10010

кардиохирургиялық орталық салу ";

"Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 29-1, 29-2, 29-3, 29-4, 29-5-жолдармен толықтырылсын:

- 29-1 "Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы Ресей Федерациясының шекарасы 6500 (Екатеринбургке) - Алматы" автожолын "Алматы - Қарағанды" (223 км) учаскесінде қайта жаңарту
- 29-2 "Қырғыз Республикасының шекарасына 10100 кіреберістері бар Көкпек, Көктал, Благовещенка арқылы Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) - Шымкент - Тараз - Алматы - Қорғас" автожолын "Алматы - Қорғас" учаскесінде (351 км) қайта жаңарту
- 29-3 Көлік инфрақұрылымы желісін дамыту 180
- 29-4 "Ақтөбе - Атырау - Ресей Федерациясының шекарасы (Астраханьға)" автомобиль жолын "Астрахань - Атырау" учаскесінде 8500 қайта жаңарту
- 29-5 "Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Алматы" автомобиль жолын "Қарағанды - Астана" учаскесінде 6500 қайта жаңарту (I санатқа аудару) ";

"Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 30-1-жолмен толықтырылсын:

"30-1 Астана қаласында республикалық велотрек салу 94710 ";

мынадай мазмұндағы "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі" деген бөліммен және реттік нөмірі 31-жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
31 Алматы қаласының Алатау кентінде
Ақпараттық технологиялар паркін салу
(II кезек) 10000 ";

мынадай мазмұндағы "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы" деген бөліммен және реттік нөмірі 32-жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

32 Қаржы мониторингінің автоматтандырылған 4000
ақпараттық жүйесін құру ";
мынадай мазмұндағы "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті" деген
бөліммен және реттік нөмірлері 33, 34, 35, 36-жолдармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті

3 3 (қ ұ п и я)

3 4 (қ ұ п и я)

3 5 (қ ұ п и я)

3 6 (қ ұ п и я) ";

"Жиыны" деген жолдағы "466880" деген сандар "670000" деген сандармен
ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі